

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 66/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Allium Ursinum Limited" жеке компаниясына пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 1153,0651 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2031 жылдың 8 мамырына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Allium Ursinum Limited" жеке компаниясы (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

А.Капашев

Ақтоғай ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 66/03 қаулысына қосымша

"Allium Ursinum Limited" жеке компаниясына жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Шабанбай би ауылдық округі, Сона ауылының жерлері		953,0711
2	Шабанбай би ауылдық округінің жерлері		199,9940

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК